ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 10 қыркүйек №7119-25-00-2/9969 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья А.Б.Бакишев,
сот отырысының хатшысы А.Кангужинаның отыруында, ашық сот отырысында аудио-бейне жазба құрылғысын және «WhatsApp» қосымшасын пайдалана отырып, электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «11567 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«СемДинар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
«Serikov» жеке кәсіпкері атынан Тунгатарова Айгуль Туйешиевна;
«Жансая» жеке кәсіпкері атынан Есенбаева Раиса Шахабаевна;

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы;
тұрақсыздық айыбын өндіру туралы;

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі Т.С. Дуйсенбаев
Жауапкер «СемДинар» ЖШС өкілі А.К. Сайдалиев
Прокурор Д.К. Жумагулов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «11567 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Тапсырыс беруші) мен «СемДинар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Өнім беруші-1) арасында 2025 жылғы 5 қаңтарда №69-ГСМ мемлекеттік сатып алу туралы шарты жасалған (бұдан әрі – №69-ГСМ Шарты). Осы шарттың талаптарына сәйкес Өнім беруші-1 200 килограмм домалауға қарсы сұйықтығын 612 192 теңгеге Астана қаласы, Алматы ауданы, Шалқар көшесі №9/2 мекенжайы бойынша жеткізуге міндеттелген. №69-ГСМ Шарттың талаптарына сәйкес тауарды жеткізу мерзімі ол күшіне енген кезден бастап 90

күнтізбелік күн ішінде белгіленген, яғни 2025 жылғы 11 қантардан 10 сәуірге дейін.

Тапсырыс беруші мен Өнім беруші-1 арасында 2025 жылғы 5 қаңтарда №71-ГСМ мемлекеттік сатып алу туралы шарты жасалған (бұдан әрі – №71-ГСМ Шарты). Осы шарттың талаптарына сәйкес Өнім беруші-1 600 килограмм домалауға қарсы сұйықтығын 1 500 576 теңгеге Абай облысы, Семей қаласы, Семей-Курчатов тас жолы, №1-үй мекенжайы бойынша жеткізуге міндеттелген. №71-ГСМ Шарттың талаптарына сәйкес тауарды жеткізу мерзімі ол күшіне енген кезден бастап 90 күнтізбелік күн ішінде белгіленген, яғни 2025 жылғы 11 қантардан 10 сәуірге дейін.

Тапсырыс беруші мен Өнім беруші-1 арасында 2025 жылғы 5 қаңтарда №73-ГСМ мемлекеттік сатып алу туралы шарты жасалған (бұдан әрі – №73-ГСМ Шарты). Осы шарттың талаптарына сәйкес Өнім беруші-1 1000 килограмм домалауға қарсы сұйықтығын 1 918 560 теңгеге Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Гвардейский кала текстес қалашығында орналасқан 28123 әскери бөліміне жеткізуге міндеттелген. №73-ГСМ Шарттың талаптарына сәйкес тауарды жеткізу мерзімі ол күшіне енген кезден бастап 90 күнтізбелік күн ішінде белгіленген, яғни 2025 жылғы 11 қантардан 10 сәуірге дейін

Тапсырыс беруші мен «Serikov» жеке кәсіпкері (Тунгатарова Айгуль Туйешиевна) (бұдан әрі - Өнім беруші-2) арасында 2025 жылғы 5 қаңтарда №72-ГСМ мемлекеттік сатып алу туралы шарты жасалған (бұдан әрі – №72-ГСМ Шарты). Осы шарттың талаптарына сәйкес Өнім беруші-2 600 килограмм домалауға қарсы сұйықтығын 1 095 000 теңгеге Жамбыл облысы, Тараз қаласы, әуежай алабы, Мұсабаев көшесі 1 мекенжайы бойынша жеткізуге міндеттелген. №72-ГСМ Шарттың талаптарына сәйкес тауарды жеткізу мерзімі ол күшіне енген кезден бастап 90 күнтізбелік күн ішінде белгіленген, яғни 2025 жылғы 11 қантардан 10 сәуірге дейін

Тапсырыс беруші мен «Жансая» жеке кәсіпкері (Есенбаева Раиса Шахабаевна) (бұдан әрі - Өнім беруші-3) арасында 2025 жылғы 9 қаңтарда №70-ГСМ мемлекеттік сатып алу туралы шарты жасалған (бұдан әрі – №70-ГСМ Шарты). Осы шарттың талаптарына сәйкес Өнім беруші-3 600 килограмм домалауға қарсы сұйықтығын 1 599 600 теңгеге Абай облысы, Аягөз ауданы, Аягөз қаласында орналасқан 16443 әскери бөліміне жеткізуге міндеттелген. №70-ГСМ Шарттың талаптарына сәйкес тауарды жеткізу мерзімі ол күшіне енген кезден бастап 90 күнтізбелік күн ішінде белгіленген, яғни 2025 жылғы 11 қантардан 10 сәуірге дейін

Талап қоюшы өз талабында, жаупкерлер шарттың талаптарын орындамаған деп көрсетіп соттан:

«СемДинар» ЖШС мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды, мемлекет кірісіне 80 626 теңге 40 тиын тұрақсыздық айыбын өндіруді, «Serikov» (Тунгатарова Айгуль Туйешиевна) ЖК мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды, мемлекет кірісіне 19 710 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді, «Жансая» (Есенбаева Раиса Шахабаевна) ЖК мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды, мемлекет кірісіне 9 597 теңге 60 тиын тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрайды.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюды нақтылады.

Документ подписан: Бакишев А. Б., 11.09.2025

Дата вступления в законную силу: 14.10.2025, судья Бакишев А. Б., 15.10.2025

Жауапкер «СемДинар» ЖШС-нің өкілі пікірде көрсетілген уәждерін қолдай келе, талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор сот отырысында талап ішінәра қанағаттандыруға жатады деген қорытынды берді.

Қалған жауапкерлер сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған, бірақ, сот отырысына қатысқан жоқ.

Сот АПК-нің 196 -бабының 4 - тармақшасын басшылыққа ала отырып, істі олардын келмей қалу себептерін негізсіз деп санап, қатысуынсыз қарауды шешті.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі–Заң) 8-бабы 4-тармағы 1) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, «Serikov» жеке кәсіпкері атынан Тунгатарова Айгуль Туйешиевна бүгінгі таңда дейн жаупкер шарттың талаптарын орындамаған.

Аталған істі қарау барысында жауапкер «Serikov» жеке кәсіпкері атынан Тунгатарова Айгуль Туйешиевна жоғарыда көрсетілген шарттырдың орындамағанын ескере отырып, сот оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

Сот жоғарыда негізінде, бұндай жағдайда талап қоюшының талабы қанағаттандырылсын деген қорытындыға келеді.

Жауапкер «СемДинар» ЖШС және «Жансая» жеке кәсіпкері атынан Есенбаева Раиса Шахабаевна талап қоюшыға тауарды жеткізіп қойлығаны, жаупкердің тұрақсыздық айыбын төленгені анықталды.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 Нормативтік қаулысысын 8 бабына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт

Документ подписан: Бакишев А. Б., 11.09.2025
Дата вступления в законную силу: 14.10.2025, судья Бакишев А. Б., 15.10.2025
7119-25-3-6/698

тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Сот жоғарыда негізінде, өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарлар жоқ екенін, жаупкердің тұрақсыздық айыбын төлегенін назарға алып талап қоюшының талабы қанағаттандырудан бас тартылсын деп қорытындыға келеді.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «11567 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - ішінәра қанағаттандырылсын.

«Serikov» жеке кәсіпкері атынан Тунгатарова Айгуль Туйешиевна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Serikov» жеке кәсіпкері атынан Тунгатарова Айгуль Туйешиевнадан мемлекет кірісіне 19 710 (он тоғыз мың жеті жүз он) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 2 557 (екі мың бес жүз елу жеті) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Талап қоюдың «Жансая» жеке кәсіпкері атынан Есенбаева Раиса Шахабаевнаға және «СемДинар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қатысты бөлігі – қанағаттандырудан бас тартылсын.

Сот шешіміне шағым және прокурордың өтінішхаты бойынша Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде берілуі мүмкін.

Судья А.Б.Бакишев

Документ подписан: Бакишев А. Б., 11.09.2025

Дата вступления в законную силу: 14.10.2025, судья Бакишев А. Б., 15.10.2025

7119-25-3-6/698

Документ подписан: Бакишев А. Б., 11.09.2025

Дата вступления в законную силу: 14.10.2025, судья Бакишев А. Б., 15.10.2025

«Төрелік» ақпараттық жүйесі
Сот өндірісі
Судопроизводство
Информационная система «Төрелік»